

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Макашевқа ауылының Колхозная көшесінің атауын Бурабай көшесіне қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 ақпанда № 7136 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, Макашевқа ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Роцинск ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі Макашевқа ауылының Колхозная көшесінің атауы Бурабай көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Роцинск ауылдық округінің әкімі

А. Галиев